

«Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Медициналық және
фармацевтикалық бақылау
комитеті» РММ төрағасының
20__ ж. «__» ____
№ ____ бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТТЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

1. ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТ АТАУЫ

Фарматекс, қынаптық крем 1,2% 72 г

2. САПАЛЫҚ ЖӘНЕ САНДЫҚ ҚҰРАМЫ

2.1 Жалпы сипаттамасы

Бензалконий хлориді

2.2 Сапалық және сандық құрамы

100 г кремнің құрамында

белсенді зат - 1,2 г бензалконий хлоридіне сәйкес келетін 2,4 г 50% бензалконий хлоридінің ерітіндісі.

Қосымша заттардың толық тізімін 6.1 тармағынан қаранды.

3. ДӘРІЛІК ТҮРІ

Қынаптық крем.

Ақ біртекті лаванда иісі бар крем.

4. КЛИНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕРІ

4.1. Қолданылуы

Жергілікті контрацепцияның бұл әдісі контрацепцияны қажет ететін кез келген әйелге арналған, сондай-ақ мынадай жағдайларда:

- гормональді контрацептивтер немесе жатыршілік спиральдар (ЖС) қолдануға уақытша немесе нақты қарсы көрсетілімдер болғанда
- босанудан кейінгі кезең және бала емізу кезінде, менопауза алдындағы кезенде
- жүктіліктен эпизодты сақтану қажеттілігінде
- қынаптық диафрагма, цервикальді қалпақша немесе жатыршілік спираль пайдаланылғанда (әсіресе, қабынуға қарсы стероидты емес дәрілер сияқты дәрілік препараттарды ұзақ қолданғанда) қосымша жергілікті контрацепция ретінде.
- ішуге арналған гормональді контрацептивтер қабылдауды өткізіп немесе кешіктіріп алғанда қосымша контрацепция әдісі ретінде. Мұндай жағдайда контрацепцияның екі әдісін де етеккір оралымының қалған күндері бойына бірге қолдану ұсынылады.

4.2. Дозалау режимі және қолдану тәсілі

Дозалау режимі

Дозаторды қақпақшаның орнына сықпаға жалғау керек. Оны ауа көпіршігі пайда болмайтында етіп толығымен толтырады (сақина тәріздес белгіге дейін немесе поршень тірелгенге дейін). Оны сықпадан ажыратады. Шалқадан жатып, жыныстық қатынасқа дейін кремді дозалаушы құрылғының көмегімен, поршеньді баяу баса отырып, қынапқа терең енгізеді. Дозалаушы құрылғыны шығарады. Қорғаныс әсері дереу басталады және ең кемі 10 сағатқа созылады. Әр қайталанатын жыныстық қатынас алдында міндettі түрде кремнің жана порциясы енгізіледі. Бір реттік доза: бір порция крем бір жыныстық қатынасқа есептелген. Пайдалану жиілігі әсер етуші заттың жекелей көтерімділігімен және жыныстық қатынастар жиілігімен шектелген. Фарматексті қынаптық диафрагмамен немесе ЖІС-мен бірге қолдануға болады. Жыныстық актіден кейін бірден сыртқы жыныс мүшелерін жай сумен ғана жууга болады.

Қолдану тәсілі

Қынапқа қолдануға арналған.

4.3. Қолдануға болмайтын жағдайлар

- әсер етуші заттарға немесе 6.1 тармақта аталған қосымша заттардың кез келгеніне аса жоғары сезімталдық,
- колъпит, вагинит
- қынап пен жатырдың шырышты қабығының ойық жаралануы және тітіркенуі
- психикасы бұзылған тұлғаларда немесе контрацептив пайдалануға кедергі келтіретін, жыныс мүшелеріне жасалатын кез келген араласуларға жол бермейтін тұлғаларда Фарматексті дұрыс қолдану мүмкін болмағанда
- контрацепцияның осы түрін түсінбейтін немесе келіспейтін кез келген тұлғаға.

4.4. Айрықша нұсқаулар және қолдану кезіндегі сақтандыру шаралары

Фарматекс оны дұрыс қолданған жағдайда жүктіліктен сақтануда тиімді препарат болып табылады. Алайда, спермицидтік жергілікті контрацепцияның, гормональді контрацепциямен, жатыршілік контрацептивтермен, диафрагмамен, цервикальді қалпақша немесе мүшекаппен салыстырғанда әрқашан тиімділігі аздау. Контрацепцияның тиімділігі тек қана оны пайдалану ережелерін қатаң қадағалауға байланысты.

- Әр жыныстық қатынас алдында жүйелі түрде қолдану керек.
- Жыныстық қатынастан 2 сағат бұрын және жыныстық қатынастан кейінгі 2 сағат ішінде жыныс мүшелерін жуып-шаю үшін сабынды пайдалануға тыйым салынады, өйткені сабын, тіпті қалдық мөлшерінде де Фарматекстің әсер етуші затын ыдыратады.
- Жыныстық қатынастан кейін бірден жыныс мүшелерінің сыртынан ғана тек жай сумен жуып-шаюға болады. Қынапты бүркіп-шаймас бұрын жыныстық қатынастан кейін 2 сағат күте түру керек.
- Қынапқа енгізілген Фарматекспен, оның контрацептивтік әсерінің төмендеуін болдырмас үшін, ванна қабылдауға, теңізде, бассейнде және су қойнауларында шомылуға болмайды.
- Егер қынап ауруларын емдеу қажеттілігі туындаған және/немесе қынаптық кез келген басқа дәрілік зат тағайындалған жағдайда Фарматекс көмегімен контрацепцияны жаңғыртпас (бастау) бұрын, емнің аяқталуын күте түру қажет.
- Контрацепцияның бұл әдісі жыныс жолымен берілетін немесе адамның иммунтапшылығы вирусы туындақан инфекциялардан қорғамайды. Мұндай аурулардан қорғайтын бөгеттік контрацепцияның бір ғана әдісі бар – ол мүшекап.

4.5. Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі және өзара әрекеттесудің басқа түрлері

Қынапқа енгізілген кез келген дәрі Фарматекстің жергілікті спермицидтік әсерінің белсенділігін жоя алады. Әсер етуші зат – бензалконий хлориді сабынмен ыдырайды, сондықтан жыныс мүшелерін жуып-шаюға, тіпті өте аз мөлшерде де сабынды пайдалануға тыйым салынады.

4.6. Фертильділік, жұктілік және лактация

Жұктілік

Жұктілік кезінде препаратты пайдалануға байланысты қандай да бір зиянды әсері анықталмаған: әсер етуші заттың өзінің тератогенді қасиеттерінің сараптамасы сияқты, соңғы өнімінің де тератогенді қасиеттерінің сараптамасы теріс нәтижелер берді.

Бала емізу

Ана сүтіне өтуі қандай да болмасын белгілі жайсыз зардаптарсыз, өте елеусіз мөлшерде болуы мүмкін. Препаратты бала емізу кезеңінде қолдануға болады.

4.7. Көлік құралдарын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсері

Әсер етпейді.

4.8. Жағымсыз реакциялар

Жағымсыз құбылыстардың жисілігін анықтау мынадай критерийлерге сәйкес жүргізіледі: өте жсі ($\geq 1/10$), жсі ($\geq 1/100$ -ден $< 1/10$ -га дейін), жсі емес ($\geq 1/1000$ -ден $< 1/100$ -ге дейін), сирек ($\geq 1/10000$ -ден $< 1/1000$ -ге дейін), өте сирек ($< 1/10000$), белгісіз (қолда бар деректердің негізінде бағалау мүмкін емес)

Сирек

- қышыну, ашыту, жұптардың біреуінде немесе екеуінде де болатын жергілікті тітіркендіргіш әсер

Белгісіз

- аллергия болуы мүмкін, жана спалы дерматит

Күмәнді жағымсыз реакциялар туралы хабарлау

ДП «пайда-қауіп» арақатынасына үздіксіз мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында ДП тіркегеннен кейін күдікті жағымсыз реакциялар туралы хабарлау маңызды. Медицина қызметкерлеріне ҚР жағымсыз реакциялар туралы ұлттық хабарлау жүйесі арқылы ДП кез келген күдікті жағымсыз реакциялары туралы хабарлау ұсынылады.

«Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

<http://www.ndda.kz>

4.9. Артық дозалануы

Артық дозалану жағдайы анықталмаған.

5. ФАРМАКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

5.1. Фармакодинамикалық қасиеттері

Фармакотерапиялық тобы: Гинекологиялық ауруларды емдеуге арналған басқа препараттар. Жергілікті қолдануға арналған контрацептивтер. Қынапішілік контрацептивтер.

АТХ коды: G02BB.

Бензалконий хлориді бір мезгілде спермицид және антисептик болып табылады. Әсер етуші зат сперматозоидтар жарғақшаларын ыдыратады. Сперматозоидтардың ыдырауы екі сатыда жүреді: басында шыбыртқының ыдырауы, содан соң бас жағының жарылуы жүреді, бұл ұрықтанудың мүмкін болмауына негіз болады.

Әдістің тиімділігі қолдану жөніндегі ұсынымдардың дұрыстығына және дәл сақталуына байланысты.

Сапрофитті flora контрацептив әсерімен өзгермейді – Фарматекс лактобацилдердің (Додерляйн таяқшалары) мөлшеріне әсер етпейді.

Фарматекс гормональді препарат болмағандықтан етеккір оралымына, либидо, фертильдікке әсер етпейді.

Бензалконий хлориді сондай-ақ антисептикалық белсенділік байқатады:

- *in vitro*, препарат жыныстық жолмен берілетін инфекция қоздыргыштарына қатысты белсенді, атап айтқанда: *Neisseria gonorrhoeae*, *Chlamydia* spp., *Herpes simplex* 2 типі, АИТВ, *Trichomonas vaginalis*, *Staphylococcus aureus*. Дегенмен, ол *Mycoplasma* spp. қатысты белсенді емес және *Gardnerella vaginalis*, *Candida albicans*, *Haemophilus ducreyi* және *Treponema pallidum* қатысты белсенділігі төмен;
- *in vivo*, кейбір элементтер жыныстық жолмен берілетін кейбір аурулар қоздыргыштарына қатысты белсенді. Профилактикалық дәрі ретінде қолдану жөніндегі ақпарат жоқ.

5.2. Фармакокинетикалық қасиеттері

Бензалконий хлориді қынаптың шырышты қабығына сіңбейді. Ол қынап жақтаулары беткейіне ғана сіңірледі және одан кейін қалыпты физиологиялық бөліністермен шығарылады немесе сумен жай ғана жуып-шаюмен кетірледі.

5.3. Клиникаға дейінгі қауіпсіздік деректері

Деректер жоқ.

6. ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРИ

6.1. Қосымша заттар тізбесі

Сусыз лимон қышқылы

Динатрий гидрофосфатының додекагидраты

Макрогол және этиленгликоль пальмитостеараты (Тефоз® 63)

Лаванда майының эссенциясы

Тазартылған су.

6.2. Үйлесімсіздігі

Қатысты емес.

6.3. Сақтау мерзімі

3 жыл

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

6.4. Сақтау кезіндегі айрықша сақтандыру шаралары

25 °C-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

6.5. Шығарылу түрі және қаптамасы

72 г препараттан алюминий сықпада. 1 сықпадан аппликатор-дозаторымен (немесе онсыз) және медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынады.

6.6. Пайдаланылған дәрілік препаратты немесе дәрілік препаратты қолданудан немесе онымен жұмыс істеуден кейін алынған қалдықтарды жою кезіндегі айрықша сақтану шаралары.

Арнайы талаптар жоқ

6.7 Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецептісіз

7. ТІРКЕУ КУӘЛІГІНІҢ ҰСТАУШЫСЫ

Лаборатория Иннотек Интернасиональ
22 авеню, Аристид Бриан, 94110, Аркей, Франция
Тел.: +33 1 46 15 29 00
Факс: +33 1 45 46 40 15
Электронды поштасы: licensing@innothera.com

7.1 ТІРКЕУ КУӘЛІГІ ҰСТАУШЫСЫНЫҢ ӨКІЛІ

Тұтынушылардың шағымдарын мына мекенжайға жіберу керек:
ҚР Лаборатории «Иннотек Интернасиональ С.А.С.» өкілдігі
050059, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әл-Фараби д-лы, 7, «Нұрлы Тау» бизнес орталығы, 5 А блок, 214 кеңсе
Тел./факс: +7-727-311-09-71, +7-727-311-09-72
Электронды пошта: innotech@innotech.kz

8. ТІРКЕУ КУӘЛІГІНІҢ НӨМІРІ

ҚР-ДЗ-5№009586

9. БАСТАПҚЫ ТІРКЕЛГЕН (ТІРКЕУ, ҚАЙТА ТІРКЕУ РАСТАЛҒАН) КҮН

Бірінші тіркеу күні: 01 желтоқсан 2005 жыл.

Тіркеу (қайта тіркеу) соңғы рет расталған күн: 31 наурыз 2016 ж.

10. МӘТИН ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН КҮН

Дәрілік препараттың жалпы сипаттамасын ресми сайттан қарауға болады
<http://www.ndda.kz>